КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 19 қараша №1912-25-00-2/2476 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,
сот отырысының хатшысы Д.Даниярқызын ала отырып,
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Өмірәлі Асхат

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекетік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
талап қоюшының өкілі Рустемов М.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 19 маусымда «Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Өмірәлі Асхат (бұдан әрі – Кәсіпкер, өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №176 шарт (әрі қарай – Шарт) жасалынған.

Шарт бойынша Өнім беріші Қазынашылық органдарында келісім-шарт тіркеуден өткен күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде 100 дана жеңіл автомобиль үшін дөңгелек шинасын жеткізу тиіс болған. Шарттың жалпы сомасы 2 899 900 тенгені құрайды.
Шарт Қазынашылықта 2025 жылғы 10 қыркүйекте тіркелді.

Алайда, Кәсіпкер өзіне алған міндеттемені орындамаған, тауарды жеткізбеген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарт 2025 жылғы 13 қаршада бір жақты Тапсырыс берушімен бұзылған.

Мекеме жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, арызда Өнім беруші Шарт бойынша алған міндеттемені орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға пікір ұсынбады.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлансада сот отырысына қатыспады, оның себебін хабарламады. Сот оның қатыспау себебін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 196 бабы 4 бөлігіне сәйкес істі оның қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қзақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8 бабы 4 тармағы 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Іс құжаттарына сәйкес, жеке кәсіпкер Өмірәлі Асхат Мекемемен Шарт жасасып, 2025 жылғы 25 қыркүйекке дейін Тапсырыш берушіге тауар жеткізуге міндеттелген.

Алайда, жауапкер жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені орындамады, тауар жеткізілмеді.

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілерді тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 19.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Кожахметов Б. А., 25.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес және Шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Өмірәлі Асхатты мемлекетік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Өмірәлі Асхатты мемлекетік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Өмірәлі Асхаттан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 19.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Кожахметов Б. А., 25.12.2025

1912-25-3-1/2766